

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.4. - Б.255-258

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК МҰНАЙ БАҒАСЫНЫҢ ҚР ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ДАМУЫНА ЖӘНЕ ТЕҢГЕГЕ ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ

Жуматаева М.М. - магистрант

Қазақ Технология және бизнес университеті, Астана қ.

Қазіргі уақытта әлемнің кез келген экономикасын дамыту үшін жаңа энергия көздерінің әртүрлі (ядролық, күн, гидро, жайылма, жел, электр және т.б.) түрлерімен әртараптандырылған энергия ресурстарын пайдаланбау мүмкін емес. Алайда, маңызды бөлігі мұнай-газ секторы болып табылатын энергияны қамтамасыз етудегі негізгі міндет отын ресурстарына тиесілі. Мұнай және газ өндіруші елдер мұнай мен газды экспорттау арқылы шетелдік валютамен табыс табады және ол осы экономиканы дамытудың негізгі көзі болып табылады. Демек, экономикасына шетел валютасының ағындары арқылы АҚШ долларына қатысты ұлттық валютаның құнында көрсетілетін әлемдік мұнай бағасының және осы елдердің экономикасының арасындағы қарым-қатынас бар. Әлемдік аренада мұнайдың сату бағасы 1944 жылғы Бреттон-Вуд Келісіміне сәйкес АҚШ долларымен анықталады, ал мұнай және газды экспорттайтын елдердің ұлттық валюталары долларға байланған.

Мұнай экспорттаушы елдердің ұлттық валютасының халықаралық мұнай бағасы және доллар бағамына байланысын, Батыс Онтарио Университетінің Аюб Юсефи және Уатерлоу Университетінің Тони Уирджанто есімді канадалық экономистері зерттеді. Канадалық экономистердің зерттеулері ОПЕК-ке мүше елдерінің (Иран, Венесуэла мен Сауд Арабиясы) сауда балансына негізделген. Нәтижесінде, ОПЕК мүшелері мұнай көлемін уақытқа қарай төмендетіп, ал бағасын жоғарлатып, нарықта мұнай жеткізуді қысқартса, доллар құны ОПЕК-ке мүше елдердің ұлттық валюталарына салыстырмалы түрде құнсызданады.

Канадалық және американдық экономистердің талдауларында ең ірі мұнай өндіруші елдер мен ОПЕК мүшелерінің ұлттық валюталары алынды. Бұл елдердің мұнай өндіру көлемін азайту немесе ұлғайту арқылы мұнай бағасының өзгеруіне әсер ету мүмкіндіктері бар және ұлттық валютаның айырбас бағамы арқылы көрініс алатын өз елдерінің экономикасына түсетін доллар ағынының көлемін реттейді. Қазіргі уақытта Қазақстан, әлемдік мұнай өндірісінің 2% иелене отырып, әлемдік мұнай бағасының өзгеруіне әсер етпейді [2]. Өз кезегінде, мұнай-газ саласы Қазақстанның ұлттық экономикасының құрылымында негізгі орынды алады және мемлекет экономиканың дамуында нақты импульс болып табылады. Демек, Қазақстан экономикасының сыртқы факторларға, яғни, әлемдік мұнай бағасына тәуелділігі бар. Мұнай және газ өндіру, тасымалдау және өңдеумен айналысатын өндірістік орындар, сондай-ақ мұнай-газ жабдықтарын шығаратын және мұнай мен газды көтерме-бөлшек

сауда желісінде саудалайтын кәсіпорындарды мұнай газ саласына жатқызуға болады.

Доллардың теңгеге шаққандағы құнының өзгерістері, Қазақстан экономикасына келетін доллардың жаппай ағынына байланысты, өз кезегінде, шетелдік валютаның ағыны экспортталатын тауар есебінен жүзеге асырылады. Экономика ережесі бойынша, ұсынысты ұлғайту бағаның төмендеуіне әкеледі, сондай-ақ, мемлекетке көп мөлшерде доллар кірісі болса, доллардың теңгеге шаққандағы құны төмендейді. Ftch рейтинг агенттігі сарапшыларының пайымдауынша, жалпы алғанда, мұнай-газ секторы, Қазақстан экономикасы үшін аса маңызды болып табылады. 2007 жылы, ол жалпы түсімдердің 25%-ын және экспорттық пайданың 58%-ын құрады [3].

Мұнай бағасының және айырбас бағамының графикалық талдауында, Brent маркалы мұнайдың әлемдік бағасының өзгеруін және соңғы 10 жыл ішінде 1 доллардың теңгеге қатысты өзгеруін көрсетеді (1 сурет). ОПЕК мүшелерінің әлемдегі мұнай өндіруді реттеу кезінде, мұнайдың орташа бағасы 2001-2002 жж. 25 доллар./барр болды. Мұнайдың мұндай бағада сатылуы, экспорттаудан Қазақстан экономикасына түсетін доллар көлемінің төмендеуіне әкелді, бұл 1998 жылғы Ресейдегі дағдарыстан кейін Қазақстан экономикасының қарқынды тұрақтануына кедергі келтірді. Нәтижесінде, айырбас бағамы 145-тен 155-ке дейін өскені байқалады.



1-сурет. Мұнай бағасы және айырбас бағамының бағасы KZT/USD

Суретте көріп отырғанымыздай 2003 жылдан бастап 2006 жылдың бірінші жартысына дейін мұнай бағасы көтерілді, ол ОПЕК елдеріндегі өндірістің азаюы мен Иван, Катрин, Рита дауылдарымен байланысты болды. Осы кезде Қазақстан экономикасына доллар ағыны ұлғайды және доллар массасының қазынаға көптеп түсуі байқалды. Нәтижесінде, доллардың айырбас бағамы 155-тен 120-ға дейін түсіп қалды. 2006 жылы және 2007 жылдың басында Қазақстан экономикасында жеке шығындардың несиеленуіне байланысты қызу кезең басталды. Нәтижесінде, 2007 жылдың бірінші жарты жылдығында Қазақстанның төлем балансы (-2.379) млрд. долларды құрады.

Қытайды, Үндістанды индустрияландыру және әлемдік нарықтағы алыпсатарлық 2008 жылдың шілде айында мұнай бағасының 145 долл./барр. өсуіне ықпал етті. Кейінірек, 2008 жылдың желтоқсанында жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыстың әсерімен, мұнай бағасының 35 долл./барр. деңгейінде күрт төмендеуі болды. Соның өзінде Қазақстанның Ұлттық банкі айырбас бағамын 120 деңгейінде ұстап тұра берді, тек 2009 жылдың 4-ақпанында экономикаға ішкі және сыртқы факторлардың әсерінің арқасында тенгенің 18% девальвацияға ұшырағанын жариялады, бұл айырбас бағамын 150 деңгейіне жеткізді.

Қазақстан экономикасына қазіргі экономикалық дағдарыстың әсерін айтып кететін болсақ, мұнай экспортына тәуелді Қазақстанның ұлттық валютасының құнсыздануына әлемдік нарықтағы мұнай бағасының күрт төмендеуі ең басты себеп болып отыр. Әрине, мұнай бағасының бір бареллі 28-30 долларға дейін құлдырауы экономикамызға қиындықтар әкелгені даусыз.

Келесі 1-кестеде елімізде теңге айналымға шыққан 1993 жылдан бергі оның АҚШ доллары бағамына зер салып қарасақ, оның бірнеше рет өзгергенін көруге болады.

1-кесте. Теңге құнының өзгерісі

Жылдар	1 долларға шаққан-дағы теңге құны	Жылдар	1 долларға шаққан-дағы теңге құны
1993	52	2013	152
1995	61	2014	184
1999	119	2015	310
2002	155	2016	362
2009	147	2017	316

Кестеден көргеніміздей, осы мерзім ішінде мұнай бағасы бірнеше мәрте құбылып, тіпті, тарихта болмаған ең жоғарғы шегіне жеткен күндері де болды. Бірақ, мұнай бағасының шарықтап өсуімен бірге теңге бағамының тұрақтанғаны байқалмайды.

Мұнай бағасының алғашқы құлдырауы 1997-1999 жылдарға, азиялық дағдарыс кезеңіне тап келеді. Бұл кезде Brent маркалы мұнай барелінің бағасы 23,13 доллардан 10,45 долларға дейін арзандады. Осыған байланысты теңге бағамы 40%-ға дейін төмендеп, 1 АҚШ доллары 130-138 теңгеге дейін жетті. Мұнай бағасының құлдырауы ұзаққа барған жоқ. 1998 жылдың ортасынан қайта көтеріліп, 1999 жылдың ортасында дағдарысқа дейінгі деңгейіне жетті. Алайда, мұнай бағасының өсуімен теңге бағамы тұрақтанып, нығайған жоқ. 2002 жылы теңге бағамы 1 АҚШ долларына шаққанда 156 теңгеге жетті.

Екінші рет, мұнай бағасы 2008 жылы құлады. Brent мұнайының 1 бареллі 143,95 доллардан 33,73 долларға дейін құлдырады. Көп ұзамай, яғни 2009 жылы мұнай бағасы қайта көтерілді. 2012 жылы мұнай бағасы 128,14 долларға дейін өсті. Өкінішке қарай, теңге бағамы мұнай бағасымен бірге нығайған жоқ. 2002 жылдан бері бірде-бір рет тұрақтанып көрмеген теңге бағамы 2015 жылы 85% дейін төмендеді [2].

Сарапшылар мұнай бағасын қазіргі таңда төмен деп есептейді. Олардың айтулары бойынша: «2016 жылдың соңына қарай мұнай бағасы 55 долларға көтеріліп, өз қалпына келуі мүмкін» - деген жорамал айтқан болатын. Мұнайлы елдердің көпшілігі мұнай бағасының төмендеуі әсерінен шығындарға тап болуда. Атап кетсек: Сауд Арабия, Ирак, Ресей, Әзірбайжан, Алжир, Венэсуела және бұл елдердің қатарына Қазақстан да еніп тұр. Ресейге келетін болсақ, мұнайдың бірден төмендеуі, рубль бағасының бірден төмендеуіне себеп болды. Ал Қазақстанда Ел басы қарыздарды өтеу үшін барлық мемлекеттік компаниялармен кәсіпорындардың акциясын сатуды бұйырды. 2020 жылы Ресейден кейінгі бұрынғы СССР мемлекеттерінің ішіндегі мұнай өндіруден алдағы ел ретінде жаңа энергия үлесін 3%-ға, ал 2030 жылы 10%-ға өсіруін бұйырды [1].

Мұнай өндіру өсімі мемлекеттік бюджетке салық түсімдерінің өсімін қамтамасыз етеді. Жалпы ішкі өнімді, бюджеттік және валюталық кірістерді қамтыйтын мұнай өнеркәсібі Қазақстанның экономикасын қамтамасыз ететін басты сала [2].

Қазақстандық мұнайды дамытуға инвесторлар келесі 15 жылда 80 миллиардтан астам АҚШ долларын инвестициялауды жоспарлап отыр, ол айтарлықтай осы сектордағы компаниялардың өнімділігін арттыруға көмегін тигізетіні айдан анық. Мұнай бағасының құлдырауы әсерін азайту мақсатында, экономиканың сенімділігі мен тұрақтылығы үшін стратегиялық мұнай қоры қажет. Ал тірі мұнайдан түскен кірістер Ұлттық қордың табыстылығымен салыстырғанда әлдеқайда жоғары болып табылады. Мысалы, мұнай қорының табыстылығы 2010 жылы 3,02%-ды құраса, ал өткен жылы мұнай бағасы 28%-ға өсті.

Қазіргі уақытта Қазақстанның экономикалық даму стратегиясы тұрақты даму тұжырымдамасына мақсатты көшуге бағытталған. Қазақстан Ұлттық қорда 29 млрд. доллары бар, бұл активтерді 2020 жылға 90 млрд. долларға ұлғайту күтілуде. Бұл үлкен ішкі инвестициялық ресурстар ұзақ мерзімді экономикалық дамуда ресурстық-шикізат модельден индустриялық-инновациялық модельге ауысуды жүзеге асыру үшін қызмет етеді [3].

Әдебиеттер тізімі

1. “Нефтяные страны: борьба за выживание” «Expert Online» сайтындағы Русский репортер журанлымен бірлесіп жазылған мақала.

2.3.Захарова Т.В. Служат ли минеральные ресурсы фактором экономического роста? / Т.В. Захарова // ЭКО. – 2002. - №7. С.112-121.

3.Алина М.Ш. Тұрақты даму контексінде минералдық ресурс факторы. - Ef.kz/upload/iblock/2e9/heazluu.

